

Международный научно-популярный журнал

ISSN 2073-333X

Наука и жизнь Казахстана Қазақстанның ғылымы мен өмірі

№5 (40) 2016



ЖИНКИН СЕРГЕЙ АЛЕКСЕЕВИЧ

декан юридического факультета
Кубанского государственного
университета, доктор юридических наук



Рустемов Бахыт

халықаралық публицист, «Ұлт мақтанышы» медалінің иегері, экономист, жазушы, журналист, тарихшы, теолог, аудармашы, музыкант, ақын.

КСРО журналистер одағының мүшесі,

Халықаралық Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі

САН АЛУАН ҚЫРЛЫ ЖӘНЕ ҰЛЫ ПОЛЬША

Польша. Ұлы Польша. Ол өз дәуірінде көптеген қиыншылықтарды басынан өткізген ежелден келе жатқан ел және көне халық. Ол халық ретінде ол жойылып кетпеген. Бірақ, осыдан бұрындары жүз жылдан артық уақыт бойына әлемнің саяси картасынан мемлекет ретінде көрсетілмей түсіп қалған кездері болған. Оның, енді, орынды себептері болған еді. Өйткені, мұндай жағдайды сол уақыттағы «сол дәуірдің күштілерінің» геосаяси мәселелері шешкен болатын.

Польша халқы таңғажайып байсалды, бейбітшілікті сүйгіш және ақ көңіл де, кең пейілді ұлт болып табылады. Алайда, сонымен қоса, олар барынша прагматик саналады. Ал, ол болса, енді, қазіргі заманғы еуропалық менталитетке байланысты болады. Халық – барынша патриот. Олар басқаларға қарағанда, өз ойларын тағдырдың кез-келген қиындықтарына қарамастан, барынша бойындағы ерекше күшпен орындауға қабілетті. Мен полякты, оның құр жақдан-жай «уралаған-патриотшылдығына» қарап емес, оның өлімге қорықпай бас тігетініне, өз халқы мен елі үшін өзінің бүкіл өмірін арнайтынды патриоттығына қарап ұнаттып қалдым. Осындай күшті мінездері мен өз халқына, ата жұртына деген ыстық махаббаты күн санап емес, айлар, жылдар өткен сайын емес, бірнеше ғасырлар бойына шыңдалып жетілу үстінде.

Соңғы рет мен Польшада 1990 жылы болдым. Көптеген қазақстандықтармен бірге өз туған жерімдегі тіршілік өміріме қажетті өмір сүру әдістерін меңгеруді іздеген кезімде. Ол уақытта менің «Алып-сатарлықпен» айналысып, Польшаның жартысын аралап шыққан кезім еді. Және де әлі күнге дейін есімде, біздің бір қаладан екінші бір қалаға электричка-поез-

дармен жүретін кездеріміз. Терезелерден жайқалған шалғындарға толы көкпенбек болып жататын далалар мен ауылдар көрінетін. Өте сұлу табиғат көрінісі көп уақыттарға дейін есімде сақталып қалыпты.

Бөтен бейтаныс елде, әбден сүрініп жығылғанмызша шаршайтынбыз. Социализм дәуірінің біржолата құлауы бізде де, және Польшада да сезіле бастады. Сол уақыттарда шығатын газеттер мен журналдарда, сол бір кезінен бізге де келген сайқал төңкеріс жайлы ашықтан-ашық жарияланып айтылып жатты. Сол уақыттарда, біздің айналамызда да ауыр жағдайларға толы құбылыстардың әсері білініп жатты. Бәрі де сәтті өтіп жатты дей алмаймыз. Біздердің оларға не үшін келгенімізді түсінгендер де, түсіндегендер де болды. Және дағы, біздердің араларымызда да «жақсыларымыз» болды. Шетелдерде жүргенде өздеріңді жақсы ұстай біту де өте маңызды іс болып табылады.

Енді, міне, ширек ғасыр өткізіп барып, қайырадан тағы жол сапармен келген бетіміз. Бірақ, бұл жолы осы сапарға Қазақстандағы Польша елшісінің осы бір тамаша елмен жақсылап танысу үшін арнайы шақыруымен келіп отырмыз. Осы жолы үш журналист, бір оператор мен бір жазушыдан құралған топтың жол сапарлық ақыларын Польшаның шетелдік істер министрлігі өз мойнына алып отыр. Осы топта Күлпаш Қоңырова, Евгения Коваль, Талгат Оспанов пен Таир Омаров сияқты танымал және тәжірибелі жуарналистер де болды.

Жерге қону басталды. Төменде ұшақ қанаттарының астында жап-жасыл қала көрінеді. Бұл Варшава қаласы. Әуежай қаланың сыртында орналасқан. Үлкен қазіргі заманға сай салынған әуежайға жер бетіндегі барлық

адамдардың ынтасы ауғандай. Дүниежүзінің түкпір-түкпірінен келіп, онды-солды ағылған жолаушылар легі өз ұшатын бағыттарын іздеумен жүр. Арасында аздап болса да қолдары босағандары бір кесе шәй немесе кофе ішіп рахаттанып демалуда.

Варшава, біршама жақсарып кеткен екен. Қазіргі заманғы зәулім үйлер өздеріне тән түрлі-түсті сәулеттерімен көз тартады. Қонақ үйлердегі жиһаздар өте тамаша ұнамды жасалған екен. Адамдардың бәрі де сергек жүр. Біз 9 мамыр күні келіп қондық. Польша жерінде жауын-шашынның көп болатыны жайлы біздерге нақтылап ескерткендеріне қарамастан, осында бір жеті болған кезімізде күн жадырап шайдай ашық болып тұрды. Соңғы күннің жарты бөлігін есепке алмағанда.

Бірінші кезекте, Польшаны фашизмнен құтқару жолында қаза тапқан кеңес әскерлеріне тағзым ету үшін қойылған Ескерткіш қорымға (бауырластар зиратына) бардық. Жағалай жайнатып қойған гүлдерден көз тұнады, сондай тап-таза етіп ұстайтындарына таңданбасқа және болмас. Оларды арнайы қамқорлыққа алып, дамылсыз қарап күтетіндері көрініп тұр. Екінші дүниежүзілік соғыстың әскери батырларына бас идік. Өз өмірлерін Пошаның игілігі үшін, тіпті, Еуропаның игілігі үшін және Жер бетіндегі адамзаттың бейбіт өмірі үшін қиған адамдардың басына барып барынша құрмет көрсеттік.

Соғыс батырларына бас ию үшін, адамдар топ-тобымен ағылып жатты, кейбіреулері жалғыз да болса баруда. Мен сол жерден сексен жасқа келіп қалған орыстың Лидия Николаевна Романова деген кәрі әйелін кездестірдім, ол Варшавада алпыс жылға жуық уақыт тұрады екен. Оның поляк күйеуі Ленинградта оқыған көрінеді. Өздері бір кездері бірге оқыпты. Бір-бірін ұнатып, содан, екеуі үйленген көрінеді. Сөйтіп, Польшаға жұмысқа қолұстасып барған екен. Солайша, сол әйелдің өзі ұнатып қалған астанада өмір бойы бірге тұрыпты.

Ол маған, соғыстан бұрын немістердің жеңілетіндігі жөнінде болжап айтып берген балгерлер жөнінде әңгіме қозғады. Немістердің орыстарға қарсы әділетсіз соғыс ашқандары жайлы. Поляктар сол кездердегі орыстардың неміс басқыншыларының шабуылдарына тойтарыс бергендері жөнінде естіген кездерінде барынша қуанғандары жайлы айтып берді. Ал, енді, кеңестік әскерлер өз желеріне жеңіспен енген кезде, оларды гүл шоктарымен қарсы

алыпты. Варшаваны құтқарушылардың бірі полковник Пашков болыпты, ол, егерде, өлгендеріміз болса, солардың бәрін де осы польша жерінде жерлеулерін сұрапты. Осы күнге дейін, адамдар оның қабірінің басына гүл шоктарын апарып қоюда.

Мен Варшавада өзбектер, қазақтар немесе басқа да түрік нәсілділер тұра ма деп қызығып сұрағанымда, Лидия Николаевна қазақтарды, өзбектерді кездестірмедім, ал, татар әйелдері бар деп жауап берді. Олар поляктарға тұрмысқа шыққан. Лидияның туған апасы, Нина Николаевна Мирер - Романова Шымкентте тұрды. Физика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді. Осы кездерде, мен Шымкентте тұрып жұмыс істеген едім.

Астанасы Варшаваны, әсіресе, қаланың ескі бөлігін сол кездегі қала тұрғындары өте үйлестіріп салған еді. Мысалға, одан жан-жаққа қарай көшелер тарап шығатын сақиналы орамды алайық, кәдімгі, жан-жағына сәулелерін шашып тұрған күн тәріздес болып көрінбей ме. Дәл осы жерлерде, бұрындары ескі қаланың қақпалары бар кездерде салынған бір қабатты үйлерден құралған әр көшенің шыға берісінде кедендік ғимараттар орналасқан.

Тамаша сұлу көшелер өте көп. Солардың бірі, күнделікті тіршілік қамымен айналысқан тынымсыз тұрғындары өте көп, жап-жасыл желекке оранған Маршалковская көшесі. Ол Варшаваның орталық көшелерінің бірі. Және де ол, күнделікті таңертеңгілік өзінің тұратын үй-жайының аумағынан жұмысына жаяу қатынайтын маршал Белинскийдің атымен аталған. Біз астананың ортасындағы жақсы бір қонақ үйге орналастық. Варшавада негізінен көпұлтты халықтар тұрады және осында сан жағынан поляктардан кейінгі екінші орынға ие болған еврейлер көп қоныстанған. Еврейлер үшін Польшадағы алтын ғасыр болған уақыт 16-17 ғасырлар саналады. Олар королдардан өз кезегінде белгілі-бір құқықтар мен артықшылықтарға ие болды. Варшавада Польшадағы еврейлердің тарихына арналған өте қызықты мұражай жұмыс істейді.

Біздер Польшаның жалпылама көпшілікке арналған мәдени дипломатиялық департаментінің шетелдік істер жөніндегі Министрлік өкілдерімен, сонымен қатар, бұрынғы Қазақстанда болған Польшаның елшісі Павел Чеплакпен, Польшалық-Қазақстандық сауда-өндірістік палатасының басшысы Петр Гусовскимен, Азап шегушілікті мәңгі есте сақтау

жөніндегі комитеттен Жерси Платаж және Мациеж Данцевичпен, мемлекеттік мұрағаттан Анджей Биернацпен, Ұлттық есте сақтау институтынан Анджей Завистовскиймен, сонымен қатар, Краковтағы Дүниежүзілік жастар күніне әзірлік жұмыстарын басқару үстіндегі жас та, әрі қуатты адам Михайл Клосовскиймен жеке-жеке кездесулер өткіздік.

Польшаны аралап көру бағдарламасы, біздердің негізгі тілектерімізбен ұштасып жатуына жақынырақ келетіндей етіп жасалған болатын. Бағдарламаны жүзеге асырушылар, шетелдік инвестициялар жөніндегі польшалық ақпараттық агенттігі болды. Бағдарлама құрамына көптеген мәдени мекемелерді аралап көру, сонымен қатар, еске алушылық орындары мен Лодзь қаласының ерекше экономикалық аймағын барып көру енгізілді. Біздің елімізде ЭКСПО-2017 көрмесі ұйымдастырылатынын ескере отырып, польшалық достарымыз бізді Лодзь қаласындағы ЭКСПО-22 көрмесін өткізуге дайындалып жатқан көптеген мекемелермен түрлі ұйымдарға апарды. Осы нысандарды барып көру, біз үшін тәжірибе алмасушылық болып саналады.

Біздердің барлық кездесулеріміз, біріңғай сол мекемелердің басшыларымен немесе жауапты қызметкерлерімен арада өткізілді, олар бізге өздерінің жасап жатқан дайындық жұмыстары мен түрлі үрдістегі біршама істері жөнінде ашық та, айқын әңгімелеп айтып берді. Мен және Польшалық журналистер одағының вице-президенті Агниечко Ромачевская ханыммен кездесу өткіздім. Өзім бұрыннан әртүрлі елдердің жазушыларымен араласып тұратын болғандықтан, енді, менің Польшаның жазушыларымен де кездескім келді.

Шығармашылық жұмыстарымен айналысатын өзіміздегі және полшадағы екі жақты ұйымдармен оң тәжірибе алмасуды жөн көрдім. Өкінішке орай, бағдарламалық іс-шаралардың алдын-ала дайындалып қойылғандықтарына байланысты, мұндай мүмкіндіктерге қол жеткізе алмадық. Осы бағыттағы бар айтарым, Польшаның белгілі ақыны Адам Мицкевичтің бірқатар өлеңдерін аударуым болды, ол және біздің Роллан Сейсенбаевымыз сияқты, өзінің тамаша лирикалық өлеңдерімен адамның жан жарасын емдеп жазатындай күшті, полшалық ең ұлы ақыны болып саналады. Польшада екі жазушылық ұйымдар жұмыс істейді.

Польшалық достарымды, менің көнеден келе жатқан Өзбекстан жерінде жерленіп мән-

гілікке қалған польшалық әскерилерге арналған бауырластар зиратына қалай барғаным жөніндегі айтқан әңгімем өте қызықтырды. Польша халқының тағдырдың тәлкегімен алыс қиырдағы сонау Азия жеріне тап болған өз ұлдарын ұмытпай есте сақтағандары маған өте тамаша әсер етті. Польша мемлекетінің қамқорлығының арқасында, Өзбекстандағы олардың бауырластар зираты жақсы күтімге алынған. Сан алуан гүлдер отырғызылған, ескіден қалған ағаш көшеттері де жетерлік. Бұл, енді, өз елдерінің игілігі үшін, болашақ ұрпақтар қамы үшін, сол бір қиын-қыстау кездерде өздерінің шыбын жандарын да аямай қиюға барған өз ұлтының ұлдарын ұмытпай мәңгілік есте сақтаудың бірден-бір мысалы бола алады.

Біздің елде полша мәдени орталығы жұмыс істейді. Поляктар Қазақстанның бірқатар облыстарында басқалар сияқты ұйымдасқан түрде бейбіт өмір сүріп жатыр. Олар елдің қоғамдық өміріне тікелей белсенді түрде араласуда. Біздің халықтар арасындағы осындай сипастығы жарасқан достық жайында, әрдайым мақтанышпен айтқымыз келеді. Ауыл тұрмысының гүлденіп жақсаруына өзінің мол үлесін қосып келе жатқан Құдайбергенов Ғалым деген, танымал аграрлық-ғалым адам өз қаражатына Ақмола облысының Андреев ауылды мекенінде поляктар үшін құдайға шоқынатын үй салып берді. Бұл ақатты адамдардың Қазақстан халқына, сонымен бірге, халықтар достығы үшін қызмет еткісі келтіндердің белгілі бір үлестері мен жағымды мысалдары бола алады.

Петр Гусовски біздің елдердің арасындағы сауда-өндірістік бірлескен жемісті еңбектер жайлы бірін қалдырмай тізбектеп айтып берді. Ол 2007 жылы ұйымдастырылған болатын. Және болашақта да, сонымен қатар, пайдалы оң істер атқарылу белгіленіп отыр. Поляктар Астанада өтетін ЭКСПО-2017-ге де белсене ат салыспақшы. Онда Польшаның жетістері жөнінде көрсетілетін, өздерінің жеңіл ғимараты болады. Қазақстандағы польшалық мекемелердің саны артпақшы. Екі ел арасындағы тауар айналымы үш жүз мыңнан екі миллиардқа дейін жетті.

Варшава төңкерісіне арналған мұражайға баруымыз да өте қызықты болды. Ол Бүкіл варшавалық трамвайларға қуат беріп тұрған бұрынғы электрстансасының орнында құрылған болатын. Сонымен қатар, біздер «Еркіндік» ауданында да болдық. Бұл жерде өндірістік кәсіпорындар орналасқан еді, сондықтанда,

әрдайым жұмыскерлер қозғалысы өте күшті болатын. Алғашқы фашистік қуғын-сүргіндер де, нақтылы, осы жерде болған еді. Немістер жұмысшылардан қарсылық ұйымдастыра ма деп қорықты.

Міне, поляктардың басқа да халықтар үшін сабақ бола алатын тағы бір жағымды жақтары – ол, өздерінің өткен өмірлеріне аса маңызды көңіл бөлушіліктері және қателіктерінен сабақ алушылықтары болып табылады. Бұл және халықтар өмірлерінде болашақта қайғылы оқиғалар қайырадан қайталанбас үшін қажетті. Поляктар бұл жағдайды, поляк халқының қайғы-қасыретті күндерінің бірі ретінде еске алғанымен де, Варшава көтерілісіне қатысушыларды мақтан тұтады. Мұражайда Пошаның екі түрлі картасы бар. Бүгінгі күндері елдің шекаралары, мүлде басқаша түрде көрсетілген. 1939 жылдың тамыз айында Риббентроп – Молотов пактісіне қол қойылды. Осынау бейбіт пактіге поляк тұрғындарын қорлағандай болатын Польшаның жаңа шекарасы жөнінде құпия толтырылған қаптама қосылған.

1939 жылы бірінші қыркүйекте Германия Польшаға шабуыл жасады. Польша әскері сол кездерде қарсылық көрсету үшін, өте әлсіз болатын. Бірақ, Ұлыбритания мен Франция, егер, поляктар екі жеті бойына қорғана алатын болса, Германияға Батысынан шабуыл жасаймыз деп уәде берген болатын. Міне, осылайша, 50 миллиондай адамның өмірлерін қиған Екінші дүниежүзілік соғыс басталған еді. Бүгінде көп жылдар өткенсін, егерде, Ұлыбритания мен Франция өз уәделерінде тұрып Германияға соғыс жариялаған болса, соғыстың қандай болатын, тек, ойша болжап қана айтуға болар еді.

1939 жылы 17 қыркүйекте Кеңестер Одағының әскерлері Польшаға Шығыс жағынан кіреді де және онда қыркүйектің аяғына қарай соғыс аяқталады. Немцы өздеріне тиесілі жағының бір бөлігін бас губернияға отары ретінде бөліп береді, ал, Польша жерінің қалған бөлігін өз мемлекетінің құрамына енгізді. Ал, Кеңестер Одағы өз құрамына бұрындары Польшаға қараған Украина мен Беларуссияның біршама жерлерін өзіне қосып алды. Неміс әскерлері 400 мың поляктарды тұтқынға алды. Офицерлерді арнайы лагерлерде ұстады, сол жерлерде олар, негізінен, соғыстың аяғына дейін болды. Ал, қызыл әскерлер 200 мың тұтқындарды қолға түсіріп және оларды өз елінің ең қиыр шеттеріндегі лагерлерге аттандырды. Осылайша, елдің қиыр түкпіріне поляктарды да жіберген

еді. Ақыр аяғында, польша халқының бастарын жою басталды. Ұлттың түрлі-түсті бетке ұстарлары жойылды. Мысалы, немістер 20 мыңнан астам поляктарды теңіз суына батырды.

Жастарға бүгінгі күндері Германияның сол уақыттардағы Польшаны басып кірген жағдайларын мейлінше терең зерттеп ұғынбастан, Варшава көтерілісінің маңыздылығын түсінулері оңай шаруа емес. Сол бір алыста қалған кезеңдердегі тілдік терминдер мен анықтамалар легі бүгінгі күндері естен шығарылып, мүлдем, ұмытылған. Мысалы, бүгінгі Польша жастары – олар, енді, соғыстан кейінгі төртінші ұрпақтар екен. Жастар бүгінде, сол кездегі аға буындардың бастан өткізген ауыр жағдайларының қандай болғанын білмейді. Сол кездердегі Польша халқының басынан өткен ауыр халдерін оларға түсіну өте күрделі. Сондықтанда, мемлекет оқушылар мен жастар үшін, олардың оқуларына өз халқының тарихи мұраларымен танысу мақсатында арнайы міндеттелген бағдарламалар енгізген. Балаларды тәрбиелеу тұрғысындағы дәл осындай тәжірибелер мені де қызықтырды және біздің балаларымыз үшін де осындай оқулықтарды жүзеге асыру ойы ойлануға тұрарлық. Осындай қадамдардың жастардың жақсы тәрбиеленіп қалыптасуларына көп көмектерін тигізері сөзсіз.

Варшавада немістер алты мыңдай адамдарды жазаға тартты. Варшаваның Солтүстігіндегі Пальмирде немістер екі жарым мыңдай адамдарды жазалады. Осы тізімде мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлер, Янош Кушанский сияқты, дүниежүзілік атақтары бар танымал спортшылар да болды. Олар, енді, белгілі танымал тұлғалар болғандықтары үшін жазаға тартылды. Варшавада 400 мың еврейлерден тұратын еврейлік гетто құрды, олар сол жерлерде аш-жалаңаш күйлерінде ауыр жұмыстар істеді. Жарымжандар мен жұмысқа жарамсыздарды өлім лагерлеріне жіберіп, сондағы газ камераларында өртейтін болды.

1944 жылы бірінші тамызда Крайов Әскерінің басшылығымен төңкеріс ұйымдастырылды, ол Лондондағы польшалық эмигранттық өкіметке бағын еді. Көтерілісшілер екі ай бойына ұлтшылдардың басқыншылығына қарсы күресті, алайда, кеңестік әскерлер жағынан көмек болмағандықтан, польшалық көтеріліс басылып тасталды.

Польшада небары 4-5 күндей ғана болып және ол жайында барынша мол мағұлымат беру оңай іс емес. Біздер шет аумақтағыларын

қосқанда бес-алты қалаларда болды. Өте қатты бекінгені Варшавадағы Королдік қамал болып шықты. Осы жерде, сонымен қатар, мазоведтік княздардың қамалдары да бар екен. Жанында Висла өзені ағып жатыр. Оң жағында шағын ғана жағажай бар екен. Королдік қамалдың қарсы жағында тұрған алаңдағы ғимараттың ішінде Польша жазушылар одағы орналасқан. Осы жерде барокко пішінінде салынған ғимарат тұр. Кейінірек, классикалық және классицизмдік емес пішіндегі ғимараттар пайда бола бастады.

Өлім лагері Освенцим. Оған барғаннан кейін, адам санасы жазылмастай жағдайға ұшырайды. Осы уақыттарға дейін бұзылмай тұрған ғимараттар мен ірі құрылыстар, бір кездердегі азалтау құралдары мен камералары, адамдар өртелген пештері сол бір өте ауыр қасыреттерге толы күндердің естеліктері ретінде адамзатқа сол қауіпті ескертіп тұрғандай әсер береді. Және адамның – ақылды тіршілік иесі бола тұра, адамдық барлық қасиеттерден жұрдай болып, жыртқышқа айналған кезде, кез-келген жануарлардан да жаман болуы мүмкін екендігінің нақтылы дәлелі іспетті. Освенцим, адамның кез-келген жанды-жансыз дүниелердің бәрін де жоятындай шексіз санасыз күйге түсе алатынын, тағы бір рет дәлелдей түскендей. Осындай тозақ лагерінен миллиондаған адамдар өтті. Оның жұмыс істеп тұрған кезінде бір миллион үш жүз мыңнан астам адам шыбын жанынан айырылды. Солардың бір миллион жүз мыңдайы еврейлер болатын.

Әрине, енді, Польшаның алғашқы астанасы ежелгі көне қала Краковоға бару да өте қызығалықты әсер қалдырды. Ондағы Королдік қамал да және оның екі қабатты қызыл кірпіштен салынған мықты қабырғалары да мықты күйінде көрінеді. Бұл жерде дүниенің әр түкпірінен туристер өте көп келеді екен. Ескі қала мықты қамалды қабырғалармен қоршалған. Бұл жерлер суретшілердің сүйікті орындары. Осы жерде, көптеген халықтық қолөнер өнімдерімен сауда жасалатын көрінеді. Шағын ғана алаңда жобамен 1642 жылдарда жасалған қоңырау адамдар назарын аудару үшін арнайы қойылған.

Көлемі 44 гектар жерді алып жатқан қалалық зиратты көрдік, онда екі жарым мыңнан астам адам жерленген екен. Ең алғашқы жер қойнауына тапсыру үрдісі 1792 жылы өткізілген көрінеді. Осы елдің барлық танымал, көрнекті және атақты адамдары осы жерде жерленген екен. Әрбір қорым өзінің қайталанбас

тарихымен ерекшеленеді. Зират басында салынған көптеген тамдардың тарихи тамыры тереңде жатыр. Олардың бәрінің де баға жетпес көркемдік құны бар. Мүсіндерден, қанқалардан, мұражайлар мен басқа да өрнекті дүниелерден адам баласының өз бауырлары мен жақындарына деген ыстық ықыластарының қаншалықты зор екендігін, соларға арналған ой-қиялдарының соншалықты бай екендігін көре аламыз. Жағалай тап-таза және жинақы түрде тәртіп орнатылған.

Біздер Польшаның тоқыма және мақта-мата өндірістерінде – Варшавадан 120 шақырымдай жерде орналасқан Лодзь қаласындағы мануфактурада болдық. Лодзь қатты өркендеушілік кезеңі мен үш рет төмен құлдыраушылықты басынан өткізді. XIX ғасырдың ортасында тоқыма өндірісі өте қатты өркендей бастады. Мақтаны теңіз арқылы Гамбургқа, ал, сол жерден Еуропаның басқа да қалаларына тасыды. Мақта өзге елдердің қатарында, сонымен қатар, Өзбекстаннан да әкелінде, әсіресе, Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін. Польшалық бай-манаптардың Өзбекстанда да өздерінің мақта егістіктері болды.

Фабрика қожайындары су жолдарына кедергісіз қол жеткізуге тырысты. Кемемен су жолдары арқылы жеткізу біршама арзанға түсетін. Егер, Владислав Реймондтың романының желісі бойынша түсірілген Анджей Вайданың «Игілікке толы жер» фильмін көрсеңіз, онда Лодзь қаласының қалай өркендегені жайында жақсы баяндалады. Қала тұрғындары аз ғана уақыттың ішінде 800 есе көбееді. Қаланың өмірі уақыт өткен сайын өзгеріп отырады. Фабрикалар қысқара бастайды. Алайда, поляктар банкротқа ұшыраған мекемелерін бұзып қиратқан жоқ, онда, енді, сауда жасайтын орындарының қатарларын көбейтті. Бүгінгі таңда ол өте тамаша және өркениеті дамыған қала.

Ауылшаруашылығында аумақтарға бөлінушілік белең алуда. Экспортқа шығаруға арнайы құлпынай мен саңырауқұлақ түрлерін өсіреді. Оны бүкіл Батыс Еуропа елдері сатып алады. Негізінен, Германия көп тапсырыс береді. Көптеген бақша-бау жеміс-жидектері өсіріледі. Польшаның алмалары бізге Қазақстанға да әкелінеді. Негізгі ауылшаруашылық дақылдары – ол, арпа. Бидай ол жақта көп жерлерде өсе бермейді. Бір уақыттарда Польша мықты картоп өндіруші ел болды. Негізгі бөліктері Кеңестер Одағына жіберіледі. Қазіргі уақыттарда картоп өндірісі

бая дамыған. Тек, кімдердің Мокдональдсқа және тағы басқаларына тапсырыстары болса ғана жақсы өндіріп шырады. Оның өзінде, тек, оларға қажетті арнайы сұрыптарын ғана. Польшалықтар қазіргі уақыттарда, картопқа қарағанда, неше алуан түрлі кашаларды көп пайдаланатын болды. Жүгері өндірісі жедел дами бастады. Олар жүгеріні астық үшін емес, мал азығы ретінде пайдаланады.

Польшаның Солтүстігінде түріктер тұрады, соның ішінде, дені татарлар. Польшалық татарлар бәленбай ғасырлардан бері тұрады, олар өздерінің мәдениетін жақсы сақтаған. Олар Крушенянида көп тұрады. Ақ аңғар ауданында да жетерлік. Олардың осыдан 400 жылдай бұрын салынған мешіттері де бар.

Бұл күндері мен, ол жақтан тоқсаныншы жылдары көрген эротикалық журналдардың көптігін, мүлде, көре алмадым. Қоғам қазіргі уақытта баяғы кездегідей емес, бір орында тұрып қалмай жаңа мәдениетке қадам басқан, ел өз аяғына мықтап тұрған, ненің жақсы, ненің жаман екенін ажырата біледі. Елде аборт жасауға тыйым салынған. Оған кедергі келтірушілер шіркеулер мен мемлекет болып табылады. Мұның бәріне, енді, елдегі тұрғын халықтың сандарының азайып бара жатуы басты себеп болған.

Ең қызықтыларының бірі Величко қаласындағы тұз өндіретін шахтаға бару. Жердің ең терең жерлерінен тұз өндіру осыдан 700 жылдай бұрын басталған болатын. Тұз өндіретін шахталар бір кездері мемлекеттік табыстың үштен бірін беретін болған. Соның арқасында, кең сарайлар мен берік қамалдар тұрғызылған болатын. Краков университеті де тұздан түскен пайданың арқасында жұмыс істеп келді. XIII ғасырдан бастап, осы уақытқа дейін шахталар мемлекеттік болып келді. Олар ешқашанда жеке адамдардың қол астында болған емес.

Біздер жер астына 130 метрге дейінгі тереңдікке түстік. Шахталар жұмыс істемей тұрды. Тұз өндірісімен айналыспайды екен. Алайда, олардың бәрі де сол баяғы жұмыс жасайтын қалпында сақталған. Және сол жерлерді әлемнің түкпір-түкпірінен келген туристерге арнайы саяхат жасауға дайындап қойған. 100 метр тереңдікте мейрамхана, банкет өткізетін

орындар, костел және басқа да жерасты нысандары бар. Адамдар сол жерде емдік тұзды ауамен тыныстау үшін, сонда түнеп шығуға да қалады екен. Едендері, төбелері, түрлі мүсіндер, көркем суреттері тұзды жартастардан кашалып жасалған. Люстралардағы жылтыраған тастар мөлдір тұздардан жасалады екен. Жер астындағы камераға барып, Шопеннің сазды әуендерін тыңдадық.

Осы жылы Краковта Дүниежүзілік жастар күнін өткізу қолға алынып отыр. Оған жауапты Михал Клосовски екен. Аса қуатты жас жігіт бізге Рим ПАПАСының қатысуымен болатын осы ірі іс-шараның қалай өткізілетіні жайында тәптіштеп айтып берді. Дүниежүзілік жастар күнінің сайттарын редакциялаумен айналысады екен. Іс-шара осы жылы шілденің 25-31 аралығында өткізілетін көрінеді. Онда дүниежүзінің барлық елдерінен екі-екі жарым миллиондай адамдар келеді деп күтілуде. Негізінен, Еуропадан. Қазірдің өзінде екі жүздей елдің өкілдері тізімге алынған.

Онда әлемнің түкпір-түкпірінен артистер келіп, көптеген мәдени іс-шаралар, фестивалдар өткізілетін болады. Польшада 44 епархия бар және сонда польшалық жастар Дүниежүзілік жастар күніне қарсы алдын-ала дайындалатын болады. Және бір айтып өтерлік жай, жастар мен шіркеулік рәсімдердің арасында өте тығыз байланыс бар. Бұл жастарды өз діндеріне деген көзқарастарын патриоттық рухта дайындауға және өз отандарының адал патриоты болуға көп мүмкіндік береді. Бұрындары олар Рио-де-Жанейроға, Мадридқа, Колония және әлемдегі басқа да қалаларға баратын еді.

Польша бұл күндері бейбіт тыныштықта және бір қалыпты өмір сүріп жатыр. Келген қонақтарды жақсы ілтифатпен қарсы алады. Польшалықтарды әлемнің кез-келген түкпірінен кездестіруге болады. Ұлы полша халқы өздерінің қасиетті атам заманнан бері келе жатқан жерлерінде, енді, бұрынғы өткен жылдардағы жіберген қателіктерін қайталанбас үшін, қолдан келгендерінің бәрін де жасауда. Олар жалпы дүниежүзілік өткізілетін үрдістерге белсене қатысуда және әлемдік достастықтар қатарында дәрежелі орынға ие болған.

Международный научно-популярный журнал

ISSN 2073-333X

Наука и жизнь Казахстана Қазақстанның ғылымы мен өмірі

№5 (40) 2016



ЖИНКИН СЕРГЕЙ АЛЕКСЕЕВИЧ

декан юридического факультета
Кубанского государственного
университета, доктор юридических наук



Рустемов Бахыт

халықаралық публицист, «Ұлт мақтанышы» медалінің иегері, экономист, жазушы, журналист, тарихшы, теолог, аудармашы, музыкант, ақын.

КСРО журналистер одағының мүшесі,

Халықаралық Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі

САН АЛУАН ҚЫРЛЫ ЖӘНЕ ҰЛЫ ПОЛЬША

Польша. Ұлы Польша. Ол өз дәуірінде көптеген қиыншылықтарды басынан өткізген ежелден келе жатқан ел және көне халық. Ол халық ретінде ол жойылып кетпеген. Бірақ, осыдан бұрындары жүз жылдан артық уақыт бойына әлемнің саяси картасынан мемлекет ретінде көрсетілмей түсіп қалған кездері болған. Оның, енді, орынды себептері болған еді: Өйткені, мұндай жағдайды сол уақыттағы «сол дәуірдің күштілерінің» геосаяси мәселелері шешкен болатын.

Польша халқы таңғажайып байсалды, бейбітшілікті сүйгіш және ақ көңіл де, кең пейілді ұлт болып табылады. Алайда, сонымен қоса, олар барынша прагматик саналады. Ал, ол болса, енді, қазіргі заманғы еуропалық менталитетке байланысты болады. Халық – барынша патриот. Олар басқаларға қарағанда, өз ойларын тағдырдың кез-келген қиындықтарына қарамастан, барынша бойындағы ерекше күшпен орындауға қабілетті. Мен полякты, оның құр жақдан-жай «уралаған-патриотшылдығына» қарап емес, оның өлімге қорықпай бас тігетініне, өз халқы мен елі үшін өзінің бүкіл өмірін арнайтындын патриоттығына қарап ұнаттып қалдым. Осындай күшті мінездері мен өз халқына, ата жұртына деген ыстық махаббаты күн санап емес, айлар, жылдар өткен сайын емес, бірнеше ғасырлар бойына шыңдалып жетілу үстінде.

Соңғы рет мен Польшада 1990 жылы болдым. Көптеген қазақстандықтармен бірге өз туған жерімдегі тіршілік өміріме қажетті өмір сүру әдістерін меңгеруді іздеген кезімде. Ол уақытта менің «Алып-сатарлықпен» айналысып, Польшаның жартысын аралап шыққан кезім еді. Және де әлі күнге дейін есімде, біздің бір қаладан екінші бір қалаға электричка-поез-

дармен жүретін кездеріміз. Терезелерден жайқалған шалғындарға толы көкпенбек болып жататын далалар мен ауылдар көрінетін. Өте сұлу табиғат көрінісі көп уақыттарға дейін есімде сақталып қалыпты.

Бөтен бейтаныс елде, әбден сүрініп жығылғанмызша шаршайтынбыз. Социализм дәуірінің біржолата құлауы бізде де, және Польшада да сезіле бастады. Сол уақыттарда шығатын газеттер мен журналдарда, сол бір кезінен бізге де келген сайқал төңкеріс жайлы ашықтан-ашық жарияланып айтылып жатты. Сол уақыттарда, біздің айналамызда да ауыр жағдайларға толы құбылыстардың әсері білініп жатты. Бәрі де сәтті өтіп жатты дей алмаймыз. Біздердің оларға не үшін келгенімізді түсінгендер де, түсіндегендер де болды. Және дағы, біздердің араларымызда да «жақсыларымыз» болды. Шетелдерде жүргенде өздеріңді жақсы ұстай біту де өте маңызды іс болып табылады.

Енді, міне, ширек ғасыр өткізіп барып, қайырадан тағы жол сапармен келген бетіміз. Бірақ, бұл жолы осы сапарға Қазақстандағы Польша елшісінің осы бір тамаша елмен жақсылап танысу үшін арнайы шақыруымен келіп отырмыз. Осы жолы үш журналист, бір оператор мен бір жазушыдан құралған топтың жол сапарлық ақыларын Польшаның шетелдік істер министрлігі өз мойнына алып отыр. Осы топта Күлпаш Қоңырова, Евгения Коваль, Талгат Оспанов пен Таир Омаров сияқты танымал және тәжірибелі жуарналистер де болды.

Жерге қону басталды. Төменде ұшақ қанаттарының астында жап-жасыл қала көрінеді. Бұл Варшава қаласы. Әуежай қаланың сыртында орналасқан. Үлкен қазіргі заманға сай салынған әуежайға жер бетіндегі барлық

адамдардың ынтасы ауғандай. Дүниежүзінің түкпір-түкпірінен келіп, оңды-солды ағылған жолаушылар легі өз ұшатын бағыттарын іздеумен жүр. Арасында аздап болса да қолдары босағандары бір кесе шәй немесе кофе ішіп рахаттанып демалуда.

Варшава, біршама жақсарып кеткен екен. Қазіргі заманғы зәулім үйлер өздеріне тән түрлі-түсті сәулеттерімен көз тартады. Қонақ үйлердегі жиһаздар өте тамаша ұнамды жасалған екен. Адамдардың бәрі де сергек жүр. Біз 9 мамыр күні келіп қондық. Польша жерінде жауын-шашынның көп болатыны жайлы біздерге нақтылап ескерткендеріне қарамастан, осында бір жеті болған кезімізде күн жадырап шайдай ашық болып тұрды. Соңғы күннің жарты бөлігін есепке алмағанда.

Бірінші кезекте, Польшаны фашизмнен құтқару жолында қаза тапқан кеңес әскерлеріне тағзым ету үшін қойылған Ескерткіш қорымға (бауырластар зиратына) бардық. Жағалай жайнатып қойған гүлдерден көз тұнады, сондай тап-таза етіп ұстайтындарына таңданбасқа және болмас. Оларды арнайы қамқорлыққа алып, дамылсыз қарап күтетіндері көрініп тұр. Екінші дүниежүзілік соғыстың әскери батырларына бас идік. Өз өмірлерін Пошаның игілігі үшін, тіпті, Еуропаның игілігі үшін және Жер бетіндегі адамзаттың бейбіт өмірі үшін қиған адамдардың басына барып барынша құрмет көрсеттік.

Соғыс батырларына бас ию үшін, адамдар топ-тобымен ағылып жатты, кейбіреулері жалғыз да болса баруда. Мен сол жерден сексен жасқа келіп қалған орыстың Лидия Николаевна Романова деген кәрі әйелін кездестірдім, ол Варшавада алпыс жылға жуық уақыт тұрады екен. Оның поляк күйеуі Ленинградта оқыған көрінеді. Өздері бір кездері бірге оқыпты. Бір-бірін ұнатып, содан, екеуі үйленген көрінеді. Сөйтіп, Польшаға жұмысқа қолұстасып барған екен. Солайша, сол әйелдің өзі ұнатып қалған астанада өмір бойы бірге тұрыпты.

Ол маған, соғыстан бұрын немістердің жеңілетіндігі жөнінде болжап айтып берген балгерлер жөнінде әңгіме қозғады. Немістердің орыстарға қарсы әділетсіз соғыс ашқандары жайлы. Поляктар сол кездердегі орыстардың неміс басқыншыларының шабуылдарына тойтарыс бергендері жөнінде естіген кездерінде барынша қуанғандары жайлы айтып берді. Ал, енді, кеңестік әскерлер өз желеріне жеңіспен енген кезде, оларды гүл шоктарымен қарсы

алыпты. Варшаваны құтқарушылардың бірі полковник Пашков болыпты, ол, егерде, өлгендеріміз болса, солардың бәрін де осы польша жерінде жерлеулерін сұрапты. Осы күнге дейін, адамдар оның қабірінің басына гүл шоктарын апарып қоюда.

Мен Варшавада өзбектер, қазақтар немесе басқа да түрік нәсілділер тұра ма деп қызығып сұрағанымда, Лидия Николаевна қазақтарды, өзбектерді кездестірмедім, ал, татар әйелдері бар деп жауап берді. Олар поляктарға тұрмысқа шыққан. Лидияның туған апасы, Нина Николаевна Мирер - Романова Шымкентте тұрды. Физика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді. Осы кездерде, мен Шымкентте тұрып жұмыс істеген едім.

Астанасы Варшаваны, әсіресе, қаланың ескі бөлігін сол кездегі қала тұрғындары өте үйлестіріп салған еді. Мысалға, одан жан-жаққа қарай көшелер тарап шығатын сақиналы орамды алайық, кәдімгі, жан-жағына сәулелерін шашып тұрған күн тәріздес болып көрінбей ме. Дәл осы жерлерде, бұрындары ескі қаланың қақпалары бар кездерде салынған бір қабатты үйлерден құралған әр көшенің шыға берісінде кедендік ғимараттар орналасқан.

Тамаша сұлу көшелер өте көп. Солардың бірі, күнделікті тіршілік қамымен айналысқан тынымсыз тұрғындары өте көп, жап-жасыл желекке оранған Маршалковская көшесі. Ол Варшаваның орталық көшелерінің бірі. Және де ол, күнделікті таңертеңгілік өзінің тұратын үй-жайының аумағынан жұмысына жаяу қатынайтын маршал Белинскийдің атымен аталған. Біз астананың ортасындағы жақсы бір қонақ үйге орналастық. Варшавада негізінен көпұлтты халықтар тұрады және осында сан жағынан поляктардан кейінгі екінші орынға ие болған еврейлер көп қоныстанған. Еврейлер үшін Польшадағы алтын ғасыр болған уақыт 16-17 ғасырлар саналады. Олар королдардан өз кезегінде белгілі-бір құқықтар мен артықшылықтарға ие болды. Варшавада Польшадағы еврейлердің тарихына арналған өте қызықты мұражай жұмыс істейді.

Біздер Польшаның жалпылама көпшілікке арналған мәдени дипломатиялық департаментінің шетелдік істер жөніндегі Министрлік өкілдерімен, сонымен қатар, бұрынғы Қазақстанда болған Польшаның елшісі Павел Чеплакпен, Польшалық-Қазақстандық сәуда-өндірістік палатасының басшысы Петр Гусовскимен, Азап шегушілікті мәңгі есте сақтау

жөніндегі комитеттен Жерси Платаж және Мациеж Данцевичпен, мемлекеттік мұрағаттан Анджей Биернатпен, Ұлттық есте сақтау институтынан Анджей Завистовскиймен, сонымен қатар, Краковтағы Дүниежүзілік жастар күніне әзірлік жұмыстарын басқару үстіндегі жас та, әрі қуатты адам Михайл Клосовскиймен жеке-жеке кездесулер өткіздік.

Польшаны аралап көру бағдарламасы, біздердің негізгі тілектерімізбен ұштасып жатуына жақынырақ келетіндей етіп жасалған болатын. Бағдарламаны жүзеге асырушылар, шетелдік инвестициялар жөніндегі польшалық ақпараттық агенттігі болды. Бағдарлама құрамына көптеген мәдени мекемелерді аралап көру, сонымен қатар, еске алушылық орындары мен Лодзь қаласының ерекше экономикалық аймағын барып көру енгізілді. Біздің елімізде ЭКСПО-2017 көрмесі ұйымдастырылатынын ескере отырып, польшалық достарымыз бізді Лодзь қаласындағы ЭКСПО-22 көрмесін өткізуге дайындалып жатқан көптеген мекемелер мен түрлі ұйымдарға апарды. Осы нысандарды барып көру, біз үшін тәжірибе алмасушылық болып саналады.

Біздердің барлық кездесулеріміз, біріңғай сол мекемелердің басшыларымен немесе жауапты қызметкерлерімен арада өткізілді, олар бізге өздерінің жасап жатқан дайындық жұмыстары мен түрлі үрдістегі біршама істері жөнінде ашық та, айқын әңгімелеп айтып берді. Мен және Польшалық журналистер одағының вице-президенті Агниечко Ромачевская ханыммен кездесу өткіздім. Өзім бұрыннан әртүрлі елдердің жазушыларымен араласып тұратын болғандықтан, енді, менің Польшаның жазушыларымен де кездескім келді.

Шығармашылық жұмыстарымен айналысатын өзіміздегі және полшадағы екі жақты ұйымдармен оң тәжірибе алмасуды жөн көрдім. Өкінішке орай, бағдарламалық іс-шаралардың алдын-ала дайындалып қойылғандықтарына байланысты, мұндай мүмкіндіктерге қол жеткізе алмадық. Осы бағыттағы бар айтарым, Польшаның белгілі ақыны Адам Мицкевичтің бірқатар өлеңдерін аударуым болды, ол және біздің Роллан Сейсенбаевымыз сияқты, өзінің тамаша лирикалық өлеңдерімен адамның жан жарасын емдеп жазатындай күшті, полшалық ең ұлы ақыны болып саналады. Польшада екі жазушылық ұйымдар жұмыс істейді.

Польшалық достарымды, менің көнеден келе жатқан Өзбекстан жерінде жерленіп мән-

гілікке қалған польшалық әскерилерге арналған бауырластар зиратына қалай барғаным жөніндегі айтқан әңгімем өте қызықтырды. Польша халқының тағдырдың тәлкегімен алыс қиырдағы сонау Азия жеріне тап болған өз ұлдарын ұмытпай есте сақтағандары маған өте тамаша әсер етті. Польша мемлекетінің қамқорлығының арқасында, Өзбекстандағы олардың бауырластар зираты жақсы күтімге алынған. Сан алуан гүлдер отырғызылған, ескіден қалған ағаш көшеттері де жетерлік. Бұл, енді, өз елдерінің игілігі үшін, болашақ ұрпақтар қамы үшін, сол бір қиын-қыстау кездерде өздерінің шыбын жандарын да аямай қиюға барған өз ұлтының ұлдарын ұмытпай мәңгілік есте сақтаудың бірден-бір мысалы бола алады.

Біздің елде полша мәдени орталығы жұмыс істейді. Поляктар Қазақстанның бірқатар облыстарында басқалар сияқты ұйымдасқан түрде бейбіт өмір сүріп жатыр. Олар елдің қоғамдық өміріне тікелей белсенді түрде араласуда. Біздің халықтар арасындағы осындай сипастығы жарасқан достық жайында, әрдайым мақтанышпен айтқымыз келеді. Ауыл тұрмысының гүлденіп жақсаруына өзінің мол үлесін қосып келе жатқан Құдайбергенов Ғалым деген, танымал аграрлық-ғалым адам өз қаражатына Ақмола облысының Андреев ауылды мекенінде поляктар үшін құдайға шоқынатын үй салып берді. Бұл ақатты адамдардың Қазақстан халқына, сонымен бірге, халықтар достығы үшін қызмет еткісі келтіндердің белгілі бір үлестері мен жағымды мысалдары бола алады.

Петр Гусовски біздің елдердің арасындағы сауда-өндірістік бірлескен жемісті еңбектер жайлы бірін қалдырмай тізбектеп айтып берді. Ол 2007 жылы ұйымдастырылған болатын. Және болашақта да, сонымен қатар, пайдалы оң істер атқарылу белгіленіп отыр. Поляктар Астанада өтетін ЭКСПО-2017-ге де белсене ат салыспақшы. Онда Польшаның жетістері жөнінде көрсетілетін, өздерінің жеңіл ғимараты болады. Қазақстандағы польшалық мекемелердің саны артпақшы. Екі ел арасындағы тауар айналымы үш жүз мыңнан екі миллиардқа дейін жетті.

Варшава төңкерісіне арналған мұражайға баруымыз да өте қызықты болды. Ол Бүкіл варшавалық трамвайларға қуат беріп тұрған бұрынғы электрстансасының орнында құрылған болатын. Сонымен қатар, біздер «Еркіндік» ауданында да болдық. Бұл жерде өндірістік кәсіпорындар орналасқан еді, сондықтанда,

әрдайым жұмыскерлер қозғалысы өте күшті болатын. Алғашқы фашистік қуғын-сүргіндер де, нақтылы, осы жерде болған еді. Немістер жұмысшылардан қарсылық ұйымдастыра ма деп қорықты.

Міне, поляктардың басқа да халықтар үшін сабақ бола алатын тағы бір жағымды жақтары – ол, өздерінің өткен өмірлеріне аса маңызды көңіл бөлушіліктері және қателіктерінен сабақ алушылықтары болып табылады. Бұл және халықтар өмірлерінде болашақта қайғылы оқиғалар қайырадан қайталанбас үшін қажетті. Поляктар бұл жағдайды, поляк халқының қайғы-қасыретті күндерінің бірі ретінде еске алғанымен де, Варшава көтерілісіне қатысушыларды мақтан тұтады. Мұражайда Пошаның екі түрлі картасы бар. Бүгінгі күндері елдің шекаралары, мүлде басқаша түрде көрсетілген. 1939 жылдың тамыз айында Риббентроп – Молотов пактісіне қол қойылды. Осынау бейбіт пактіге поляк тұрғындарын қорлағандай болатын Польшаның жаңа шекарасы жөнінде құпия толтырылған қаптама қосылған.

1939 жылы бірінші қыркүйекте Германия Польшаға шабуыл жасады. Польша әскері сол кездерде қарсылық көрсету үшін, өте әлсіз болатын. Бірақ, Ұлыбритания мен Франция, егер, поляктар екі жеті бойына қорғана алатын болса, Германияға Батысынан шабуыл жасаймыз деп уәде берген болатын. Міне, осылайша, 50 миллиондай адамның өмірлерін қиған Екінші дүниежүзілік соғыс басталған еді. Бүгінде көп жылдар өткенсін, егерде, Ұлыбритания мен Франция өз уәделерінде тұрып Германияға соғыс жариялаған болса, соғыстың қандай болатын, тек, ойша болжап қана айтуға болар еді.

1939 жылы 17 қыркүйекте Кеңестер Одағының әскерлері Польшаға Шығыс жағынан кіреді де және онда қыркүйектің аяғына қарай соғыс аяқталады. Немцы өздеріне тиесілі жағының бір бөлігін бас губернияға отары ретінде бөліп береді, ал, Польша жерінің қалған бөлігін өз мемлекетінің құрамына енгізді. Ал, Кеңестер Одағы өз құрамына бұрындары Польшаға қараған Украина мен Беларуссияның біршама жерлерін өзіне қосып алды. Неміс әскерлері 400 мың поляктарды тұтқынға алды. Офицерлерді арнайы лагерлерде ұстады, сол жерлерде олар, негізінен, соғыстың аяғына дейін болды. Ал, қызыл әскерлер 200 мың тұтқындарды қолға түсіріп және оларды өз елінің ең қиыр шеттеріндегі лагерлерге аттандырды. Осылайша, елдің қиыр түкпіріне поляктарды да жіберген

еді. Ақыр аяғында, польша халқының бастарын жою басталды. Ұлттың түрлі-түсті бетке ұстарлары жойылды. Мысалы, немістер 20 мыңнан астам поляктарды теңіз суына батырды.

Жастарға бүгінгі күндері Германияның сол уақыттардағы Польшаны басып кірген жағдайларын мейлінше терең зерттеп ұғынбастан, Варшава көтерілісінің маңыздылығын түсінулері оңай шаруа емес. Сол бір алыста қалған кезеңдердегі тілдік терминдер мен анықтамалар легі бүгінгі күндері естен шығарылып, мүлдем, ұмытылған. Мысалы, бүгінгі Польша жастары – олар, енді, соғыстан кейінгі төртінші ұрпақтар екен. Жастар бүгінде, сол кездегі аға буындардың бастан өткізген ауыр жағдайларының қандай болғанын білмейді. Сол кездердегі Польша халқының басынан өткен ауыр халдерін оларға түсіну өте күрделі. Сондықтанда, мемлекет оқушылар мен жастар үшін, олардың оқуларына өз халқының тарихи мұраларымен танысу мақсатында арнайы міндеттелген бағдарламалар енгізген. Балаларды тәрбиелеу тұрғысындағы дәл осындай тәжірибелер мені де қызықтырды және біздің балаларымыз үшін де осындай оқулықтарды жүзеге асыру ойы ойлануға тұрарлық. Осындай қадамдардың жастардың жақсы тәрбиеленіп қалыптасуларына көп көмектерін тигізері сөзсіз.

Варшавада немістер алты мыңдай адамдарды жазаға тартты. Варшаваның Солтүстігіндегі Пальмирде немістер екі жарым мыңдай адамдарды жазалады. Осы тізімде мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлер, Янош Кушанский сияқты, дүниежүзілік атақтары бар танымал спортшылар да болды. Олар, енді, белгілі танымал тұлғалар болғандықтары үшін жазаға тартылды. Варшавада 400 мың еврейлерден тұратын еврейлік гетто құрды, олар сол жерлерде аш-жалаңаш күйлерінде ауыр жұмыстар істеді. Жарымжандар мен жұмысқа жарамсыздарды өлім лагерлеріне жіберіп, сондағы газ камераларында өртейтін болды.

1944 жылы бірінші тамызда Крайов Әскерінің басшылығымен төңкеріс ұйымдастырылды, ол Лондондағы польшалық эмигранттық өкіметке бағын еді. Көтерілісшілер екі ай бойына ұлтшылдардың басқыншылығына қарсы күресті, алайда, кеңестік әскерлер жағынан көмек болмағандықтан, польшалық көтеріліс басылып тасталды.

Польшада небары 4-5 күндей ғана болып және ол жайында барынша мол мағұлымат беру оңай іс емес. Біздер шет аумақтағыларын

қосқанда бес-алты қалаларда болды. Өте қатты бекінгені Варшавадағы Королдік қамал болып шықты. Осы жерде, сонымен қатар, мазоведтік княздардың қамалдары да бар екен. Жанында Висла өзені ағып жатыр. Оң жағында шағын ғана жағажай бар екен. Королдік қамалдың қарсы жағында тұрған алаңдағы ғимараттың ішінде Польша жазушылар одағы орналасқан. Осы жерде барокко пішінінде салынған ғимарат тұр. Кейінірек, классикалық және классицизмдік емес пішіндегі ғимараттар пайда бола бастады.

Өлім лагері Освенцим. Оған барғаннан кейін, адам санасы жазылмастай жағдайға ұшырайды. Осы уақыттарға дейін бұзылмай тұрған ғимараттар мен ірі құрылыстар, бір кездердегі азалтау құралдары мен камералары, адамдар өртелген пештері сол бір өте ауыр қасыреттерге толы күндердің естеліктері ретінде адамзатқа сол қауіпті ескертіп тұрғандай әсер береді. Және адамның – ақылды тіршілік иесі бола тұра, адамдық барлық қасиеттерден жұрдай болып, жыртқышқа айналған кезде, кез-келген жануарлардан да жаман болуы мүмкін екендігінің нақтылы дәлелі іспетті. Освенцим, адамның кез-келген жанды-жансыз дүниелердің бәрін де жоятындай шексіз санасыз күйге түсе алатынын, тағы бір рет дәлелдей түскендей. Осындай тозақ лагерінен миллиондаған адамдар өтті. Оның жұмыс істеп тұрған кезінде бір миллион үш жүз мыңнан астам адам шыбын жанынан айырылды. Солардың бір миллион жүз мыңдайы еврейлер болатын.

Әрине, енді, Польшаның алғашқы астанасы ежелгі көне қала Краковоға бару да өте қызықты әсер қалдырды. Ондағы Королдік қамал да және оның екі қабатты қызыл кірпіштен салынған мықты қабырғалары да мықты күйінде көрінеді. Бұл жерде дүниенің әр түкпірінен туристер өте көп келеді екен. Ескі қала мықты қамалды қабырғалармен қоршалған. Бұл жерлер суретшілердің сүйікті орындары. Осы жерде, көптеген халықтық қолөнер өнімдерімен сауда жасалатын көрінеді. Шағын ғана алаңда жобамен 1642 жылдарда жасалған қоңырау адамдар назарын аудару үшін арнайы қойылған.

Көлемі 44 гектар жерді алып жатқан қалалық зиратты көрдік, онда екі жарым мыңнан астам адам жерленген екен. Ең алғашқы жер қойнауына тапсыру үрдісі 1792 жылы өткізілген көрінеді. Осы елдің барлық танымал, көрнекті және атақты адамдары осы жерде жерленген екен. Әрбір қорым өзінің қайталанбас

тарихымен ерекшеленеді. Зират басында салынған көптеген тамдардың тарихи тамыры тереңде жатыр. Олардың бәрінің де баға жетпес көркемдік құны бар. Мүсіндерден, қанқалардан, мұражайлар мен басқа да өрнекті дүниелерден адам баласының өз бауырлары мен жақындарына деген ыстық ықыластарының қаншалықты зор екендігін, соларға арналған ой-қиялдарының соншалықты бай екендігін көре аламыз. Жағалай тап-таза және жинақы түрде тәртіп орнатылған.

Біздер Польшаның тоқыма және мақта-мата өндірістерінде – Варшавадан 120 шақырымдай жерде орналасқан Лодзь қаласындағы мануфактурада болдық. Лодзь қатты өркендеушілік кезеңі мен үш рет төмен құлдыраушылықты басынан өткізді. XIX ғасырдың ортасында тоқыма өндірісі өте қатты өркендей бастады. Мақтаны теңіз арқылы Гамбургқа, ал, сол жерден Еуропаның басқа да қалаларына тасыды. Мақта өзге елдердің қатарында, сонымен қатар, Өзбекстаннан да әкелінде, әсіресе, Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін. Польшалық бай-манаптардың Өзбекстанда да өздерінің мақта егістіктері болды.

Фабрика кожайындары су жолдарына кедергісіз қол жеткізуге тырысты. Кемемен су жолдары арқылы жеткізу біршама арзанға түсетін. Егер, Владислав Реймондтың романының желісі бойынша түсірілген Анджей Вайданың «Игілікке толы жер» фильмін көрсеңіз, онда Лодзь қаласының қалай өркендегені жайында жақсы баяндалады. Қала тұрғындары аз ғана уақыттың ішінде 800 есе көбееді. Қаланың өмірі уақыт өткен сайын өзгеріп отырады. Фабрикалар қысқара бастайды. Алайда, поляктар банкротқа ұшыраған мекемелерін бұзып қиратқан жоқ, онда, енді, сауда жасайтын орындарының қатарларын көбейтті. Бүгінгі таңда ол өте тамаша және өркениеті дамыған қала.

Ауылшаруашылығында аумақтарға бөлінушілік белең алуда. Экспортқа шығаруға арнайы құлпынай мен саңырауқұлақ түрлерін өсіреді. Оны бүкіл Батыс Еуропа елдері сатып алады. Негізінен, Германия көп тапсырыс береді. Көптеген бақша-бау жеміс-жидектері өсіріледі. Польшаның алмалары бізге Қазақстанға да әкелінеді. Негізгі ауылшаруашылық дақылдары – ол, арпа. Бидай ол жақта көп жерлерде өсе бермейді. Бір уақыттарда Польша мықты картоп өндіруші ел болды. Негізгі бөліктері Кеңестер Одағына жіберіледі. Қазіргі уақыттарда картоп өндірісі

бая дамыған. Тек, кімдердің Мокдональдсқа және тағы басқаларына тапсырыстары болса ғана жақсы өндіріп шырады. Оның өзінде, тек, оларға қажетті арнайы сұрыптарын ғана. Польшалықтар қазіргі уақыттарда, картопқа қарағанда, неше алуан түрлі кашаларды көп пайдаланатын болды. Жүгері өндірісі жедел дами бастады. Олар жүгеріні астық үшін емес, мал азығы ретінде пайдаланады.

Польшаның Солтүстігінде түріктер тұрады, соның ішінде, дені татарлар. Польшалық татарлар бәленбай ғасырлардан бері тұрады, олар өздерінің мәдениетін жақсы сақтаған. Олар Крушенянида көп тұрады. Ақ аңғар ауданында да жетерлік. Олардың осыдан 400 жылдай бұрын салынған мешіттері де бар.

Бұл күндері мен, ол жақтан тоқсаныншы жылдары көрген эротикалық журналдардың көптігін, мүлде, көре алмадым. Қоғам қазіргі уақытта баяғы кездегідей емес, бір орында тұрып қалмай жаңа мәдениетке қадам басқан, ел өз аяғына мықтап тұрған, ненің жақсы, ненің жаман екенін ажырата біледі. Елде аборт жасауға тыйым салынған. Оған кедергі келтірушілер шіркеулер мен мемлекет болып табылады. Мұның бәріне, енді, елдегі тұрғын халықтың сандарының азайып бара жатуы басты себеп болған.

Ең қызықтыларының бірі Величко қаласындағы тұз өндіретін шахтаға бару. Жердің ең терең жерлерінен тұз өндіру осыдан 700 жылдай бұрын басталған болатын. Тұз өндіретін шахталар бір кездері мемлекеттік табыстың үштен бірін беретін болған. Соның арқасында, кең сарайлар мен берік қамалдар тұрғызылған болатын. Краков университеті де тұздан түскен пайданың арқасында жұмыс істеп келді. XIII ғасырдан бастап, осы уақытқа дейін шахталар мемлекеттік болып келді. Олар ешқашанда жеке адамдардың қол астында болған емес.

Біздер жер астына 130 метрге дейінгі тереңдікке түстік. Шахталар жұмыс істемей тұрды. Тұз өндірісімен айналыспайды екен. Алайда, олардың бәрі де сол баяғы жұмыс жасайтын қалпында сақталған. Және сол жерлерді әлемнің түкпір-түкпірінен келген туристерге арнайы саяхат жасауға дайындап қойған. 100 метр тереңдікте мейрамхана, банкет өткізетін

орындар, костел және басқа да жерасты нысандары бар. Адамдар сол жерде емдік тұзды ауамен тыныстау үшін, сонда түнеп шығуға да қалады екен. Едендері, төбелері, түрлі мүсіндер, көркем суреттері тұзды жартастардан кашалып жасалған. Люстралардағы жылтыраған тастар мөлдір тұздардан жасалады екен. Жер астындағы камераға барып, Шопеннің сазды әуендерін тыңдадық.

Осы жылы Краковта Дүниежүзілік жастар күнін өткізу қолға алынып отыр. Оған жауапты Михал Клосовски екен. Аса қуатты жас жігіт бізге Рим ПАПАСының қатысуымен болатын осы ірі іс-шараның қалай өткізілетіні жайында тәптіштеп айтып берді. Дүниежүзілік жастар күнінің сайттарын редакциялаумен айналысады екен. Іс-шара осы жылы шілденің 25-31 аралығында өткізілетін көрінеді. Онда дүниежүзінің барлық елдерінен екі-екі жарым миллиондай адамдар келеді деп күтілуде. Негізінен, Еуропадан. Қазірдің өзінде екі жүздей елдің өкілдері тізімге алынған.

Онда әлемнің түкпір-түкпірінен артистер келіп, көптеген мәдени іс-шаралар, фестивалдар өткізілетін болады. Польшада 44 епархия бар және сонда польшалық жастар Дүниежүзілік жастар күніне қарсы алдын-ала дайындалатын болады. Және бір айтып өтерлік жай, жастар мен шіркеулік рәсімдердің арасында өте тығыз байланыс бар. Бұл жастарды өз діндеріне деген көзқарастарын патриоттық рухта дайындауға және өз отандарының адал патриоты болуға көп мүмкіндік береді. Бұрындары олар Рио-де-Жанейроға, Мадридқа, Колония және әлемдегі басқа да қалаларға баратын еді.

Польша бұл күндері бейбіт тыныштықта және бір қалыпты өмір сүріп жатыр. Келген қонақтарды жақсы ілтифатпен қарсы алады. Польшалықтарды әлемнің кез-келген түкпірінен кездестіруге болады. Ұлы полша халқы өздерінің қасиетті атам заманнан бері келе жатқан жерлерінде, енді, бұрынғы өткен жылдардағы жіберген қателіктерін қайталанбас үшін, қолдан келгендерінің бәрін де жасауда. Олар жалпы дүниежүзілік өткізілетін үрдістерге белсене қатысуда және әлемдік достастықтар қатарында дәрежелі орынға ие болған.